

## Қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге жәрдемдескен, қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеге ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 тамыздағы N 1243 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 7 ақпандығы № 37 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 07.02.2019 № 37 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының азаматтарын құқық тәртібін және қоғамдық қауіпсіздікті қорғауға қатысуға белсенді тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырган Қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге жәрдемдескен, қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеге ережесі бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне жергілікті бюджеттерді әзірлеу кезінде қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге жәрдемдескен, қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеге ақы төлеуге қаражат көздеу ұсынылсын.

3. Осы қаулы 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2000 жылғы 12 тамыздағы  
N 1243 қаулысымен  
бекітілген

## **Қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге жәрдемдескен, қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеге ережесі**

Осы Ереже қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге жәрдемдескен, қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеге мәселесін реттейді.

1. Қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге жәрдемдескен, қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеге мәселелерін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнаның (облыстық маңызы

бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары құратын комиссиялар (бұдан әрі - комиссия) қарайды.

**Ескерту. 1-тармақта өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.03.26 N 291 Қаулысымен.**

2. Комиссияның құрамына жергілікті өкілді органдардың, жергілікті атқарушы органдар мен ішкі істер органдарының өкілдері енгізіледі.

3. Қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге, қоғамдық тәртіпті қорғауға, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды ақшалай сыйақымен көтермелеге жөніндегі ұсыныстарды комиссияның қарауына ішкі істер органдары ұсынады.

4. Комиссия қабылдаған шешім - көтермелеге үшін, ал комиссия қабылдаған шешімге сәйкес ішкі істер органдары басшысының бүйірі - көтермелеге ақы төлеу үшін негіз болып табылады.

5. Ақшалай сыйақының мөлшерін комиссия қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге көтермеленетін адамның қосқан үлесін және ол немесе оның қатысуымен жолы кесілген құқыққа қарсы әрекеттің нәтижесінде келтірілуі мүмкін залалдың көлемін ескере отырып белгілейді және ол, әдетте, 10 есе айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

6. Ақшалай сыйақы төлеуді, көтермелеге ұсыныс енгізген ішкі істер органдары жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жүргізеді.

7. Көтермелеге ақы төлеуге арналған қаражат ішкі істер органдары шығыстарының құрамында жеке бағдарламамен көзделеді.